

Сарқан ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 121 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 3 сәуірде № 192-19 болып тіркелді "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарқан ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) Сарқан ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 1 маусымдағы "Мүгедек балаларға қосымша әлеуметтік көмек туралы" № 226 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 57533 болып тіркелген);

2) Сарқан ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі "Сарқан ауданы әкімшіятының 2005 жылғы 1 маусымдағы "Мүгедек балаларға қосымша әлеуметтік көмек туралы" № 226 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" № 87 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 52418 болып тіркелген).

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарқан ауданының әкімі

Г. Маманбаев